

2. Резерв қаражаты Қазақстан Республикасының "Бюджет жүйесі туралы" Заңының 13 бабына сәйкес қалалық бюджеттің құрамында ағымдағы жыл бюджетін жасау кезінде жоспарланбаған және кейінге қалдыруға болмайтын шығыстарды қаржыландыру үшін құрылады. Қала әкімияты резервінің құрамында табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға,

басқа да көлденең шығыстарға арналған қаражат, сот шешімдері бойынша қалалық бюджет бағдарламаларының әкімшілері міндеттемелерін өтеуге арналған арнайы резерв қаражаттары қарастырылған.

3. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаса, қала әкімияты резервінен қаражат бөлу туралы ұсынысты төтенше жағдайлар жөніндегі қалалық басқарма қарайды.

4. Қала әкімияты резервінен қаражат бөлуді қала әкімиятының қаулысы негізінде, белгіленген тәртіппен жүргізілетін қаржыландыруды ашу арқылы, тиісті қаржы жылына арналған қалалық бюджеттің шығыстарының құрамында бекітілген мөлшерлер шегінде қалалық қаржы бөлімі жүзеге асырады, онда алушы, бөлінетін қаражаттың көлемі мен оларды пайдаланудың мақсаттары, сондай-ақ қаражат қайтарымды негізде бөлінген жағдайда, оларды берудің шарттары мен қайтару мерзімдері көрсетіледі.

5. Қала әкімияты резерві қаражатының қатаң арнаулы мақсаты болады және қала әкімиятының резервтен қаражат бөлу туралы қаулысында көзделмеген мұқтаждарға пайдалануға болмайды.

6. Заңды тұлғалардың резервтен қаражат бөлу туралы өтініштерін қала әкімінің тапсыруымен қалалық қаржы бөлімі оларға алушымен келісілген негіздемелі есептері болған жағдайда ғана және мынадай шарттарды ескере отырып қарайды :

1) резерв қаражаты бағытталатын мақсатқа қалалық бюджетте ағымдағы жылға қаржының болмауы ;

2) резерв қаражатына қажеттілік ағымдағы қаржы жылында пайда болды және сот шешімі бойынша міндеттемелерін өтеу жағдайын қоспағанда оларға деген қажеттілік алушының бұрынғы міндеттемелерімен байланысты емес;

3) резервтен қаражат бөлу туралы мәселені қараудың қорытындысы бойынша қала әкімиятының қаулысы қабылданады.

7. Сот шешімдері бойынша қалалық бюджет бағдарламалары әкімшіліктерінің міндеттемелерін өтеу соттың атқарушы құжаттары болған жағдайда қала әкімияты резервінің қаражаты есебінен қамтамасыз етіледі.

Сот шешімдері бойынша төлем жасауға міндетті болған қалалық бюджет бағдарламаларының әкімшілері, егер қолданылып жүрген заңдарда қарастырылған негіздемелері болса, барлық сот инстанцияларына аталған шешімге міндетті тәртіппен шағым жасауына болады.

Қалалық бюджет бағдарламаларының әкімшілері өздерінің қабылдаған заңсыз актілері үшін, сондай-ақ өздерінің лауазымды тұлғаларының әкімшілік басқару саласындағы заңсыз әрекеттері үшін, оларға әкімшілік шығыстары» бағдарламасы бойынша бөлінген ақшамен жауапты болады.

8. Қала әкімиятының резервтен қаражат бөлу жөніндегі қаулысы қаржы

жылы аяқталған соң күшін жояды.

9. Резерв қаржысының мөлшері қалалық бюджет түсімдері көлемінің екі пайызынан асып кетпеуі тиіс.

10. Республикалық және облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарға, қоғамдық және шығармашылық бірлестіктер мен ұйымдарға резервтен қаражат бөлуге жол берілмейді.

11. Резервтен бөлінген қаражатты алушылар қалалық қаржы бөлімі белгіленген тәртіппен және мерзімінде олардың пайдаланылуы, орындалған жұмыстардың көлемі мен құны туралы есеп беруі керек.

12. Қалалық қаржы бөлімі ай сайын қала әкімиятына резерв қаражатының нақты бары және оның пайдаланылуы тиісті кезеңдегі қалдықтары туралы а қ п а р а т б е р е д і .

13. Алушы Қазақстан Республикасы заңдарында көзделген тәртіппен қала әкімиятының резервінен бөлінген қаржының мақсатты пайдаланылуына жауап б е р е д і .

14. Резерв қаражатының мақсатты пайдаланылуына бақылау жасауды қалалық қаржы бөлімі жүзеге асырады.